



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №21 (9575) 24 мамыр 2024 ж.

✦ Аудан әкімінің есебі

## Көпшілік тілегі ескерусіз қалмайды

**Ж**уырда сәрсенбінің сәтті күні Сарқан аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев қала тұрғындарымен кездесу өткізді. Жұртшылықпен жүздесуде жасаған баяндамасында өңір басшысы Ғалымжан Қанатұлы өткен жылы атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды.



2023 жылдың қорытындысы бойынша ауданымыздың дамуының негізгі көрсеткіштерінде оң өзгеріс байқалады. Өткен жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі ағымдағы бағамен 67 млрд. 924 млн. 700 мың теңгені құрады, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстарғанда нақты көлем индексі 102,4%-ды құрады. (2022ж-68892,6 млн. теңге.) Өнеркәсіп саласы бойынша 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айында 11 млрд. 263 млн. теңгеге өнеркәсіп өнімі өндірілді, 2022 жылдың сәйкес кезеңінен 112% артты (2022ж - 10065,7 млн.теңге). Шағын кәсіпкерлікте бюджетке түсетін салықтық аударымдар 1 млрд. 631 млн. 200 мың теңгені құрады (2022ж. - 839,2 млн. теңге). Жұмыс істейтіндер саны – 6601 адам. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар бүгінгі күнге 36 млрд. 189 млн. теңге немесе 2022 жылға 120 пайызды

құрады (2022ж.– 30056,7 млн.теңге). Одан бөлек, ауданда 472 сауда және қызмет көрсету нысандары жұмыс істейді, оның ішінде 355 сауда нысандары, 37 қоғамдық тамақтану нысандары, 80 тұрмыстық және сервистік қызметтер нысандары және 1 жаңа форматтағы сауда базары. 2023 жылдың 12 айында бөлшек тауар айналымы 7 млрд. 973 млн. 900 мың теңгені құрады.

Ғалымжан Маманбаев өткен жылы Сарқан қаласы бойынша «Нұрлы Жер» бағдарламасымен салынған 20 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, «Алғыс айту» күніне орай қолданысқа берілгендігін, сондай – ақ Сарқан қаласында екі 5 қабатты 60 пәтерлі жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 1 млрд. 706 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанын, алдағы 5 жылда аудан бойынша тағы көпқабатты 5 үйдің құрылысын жүргізу

және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жоспарланғанын, ауданда 35 784 шаршы метр тұрғын үй салынатынын, аудан бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттен 244,8 млн. теңге бөлініп, 24 тұрғын үй сатып алынғандығын баяндамасына арқау етті.

Ауданда атқарылған жұмыстар мұнымен шектелмейді. Сарқан қаласындағы көппәтерлі тұрғын үйлердің иелерінің көп жылдық сұраныстары бойынша Тәуелсіздік 100, 102 және Қабанбай батыр 24 үйдің шатырлары ауыстырылды. «Аэродром» ықшам ауданында талай жылдан бері шешімін таппай келе жатқан кәріз жүйесіне 5, 2 млн. теңгеге ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сарқан қаласының М.Әуезов, Жамбыл, Қабанбай батыр, Абай көшелерінің арық жүйесін қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Сарқан қаласының Тәуелсіздік, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, М.Тынышбаев, М.Ұсатаев, Абай, М.Разбеков, А.Атанов көшелеріне, жалпы 13 шақырымға жуық жаяу жүргіншілер жолы (тротуар) төселді. Сарқан өзенінің демалыс жағажайы Жаңабаев көшесіне дейін 400 метр жаяу жүргіншілер жолы және 3 демалыс орындарымен толықты. Қабанбай батыр көшесінің жолын күрделі жөндеуіне 271 млн. 982 мың теңге қаражат бөлініп, жұмыстар аяқталды. Абай, Жаңабаев, Тәуке хан көшелеріне автомобиль жолдарының жол жамылғысының орташа жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Сонымен бірге аудан орталығында теннистік корт және скейт-борд алаңы да салынды. Орталық алаң маңайында үлкен форматтағы ойын алаңы, Бөгенбай батыр көшесінің бойында балаларға арналған ойын алаңдары пайдалануға берілді.

Дене шынықтыру мен спортты дамыту бағытында ауданда нақты жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, орталық стадионды қайта жаңғыртуға 629 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізіліп, қолданысқа берілді. Жылдың төрт мезгілінде де спортпен айналысуға

арналған жабық футбол алаңының (86,0 млн.тг) және Шанхай ықшам ауданында жаңа форматтағы шағын футбол алаңының (19,5 млн.тг) құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді.

Орталық жылыту кәсіпорының 2 қазандығын ауыстыруға 92,2 млн. теңге жұмсалды. Қалаға қарасты ДЭУ ықшам ауданына жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Бірлік ауылында 1 млрд. 389 млн. теңгеге заманауи мектеп салынды. Сол ауылда 35,8 млн. теңгеге блокты – модульді кешен (БМК) медициналық пункті орнатылды. Сонымен қатар, Сарқан қаласында бүйректің созылмалы ауруымен диспансерлік есепте тұрған науқастарға арналған гемодиализ орталығы ашылды.

Кейінгі жылдары көп көтерілетін мәселелердің бірі интернет желісі болатын. Интернет желісін жақсарту мақсатында Сарқан қаласында Байтұрсынов көшесінің бойына және аудандық орталық ауруханасының шатырына, Бірлік ауылында ескі су мұнарасының төбесіне ұялы байланыс антенналары орнатылып, интернет желісі жақсартылды. Тағы бір айта кететін мәселе, Сарқан-Бірлік автомобиль жолының бойында орналасқан қатты - тұрмыстық қалдықтар алаңы қоршалды.

-Жоғарыда аталған жұмыстар ары қарай да жалғасын табатын болады, - деген аудан әкімі биылғы жылға жоспарланған жобаларға тоқталды. Сарқан қалалық орталық ауруханасының жұқпалы аурулар бөліміне 170,5 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары және патологоанатомиялық бөліміне 30,0 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қалада дене шынықтыру - сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілетін болады. Құрылыс жұмыстарының құны - 2 млрд. 17 млн. 958 мың теңге. Бүгінгі күнге ашық конкурс қорытындысына сәйкес, мердігер болып «Golden City DS» ЖШС анықталды. Мердігермен бастапқы 10 млн. теңге келісімшарт жасалды.

(Жалғасы 2-бетте).

## БАСПАСӨЗ - 2024

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе **САРҚАН** газетіне жарты жылдыққа жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі. Оқырмандар үшін редакцияға келіп газеттің электронды нұсқасына (PDF форматына) жазылу мүмкіндігі бар.

**Жеке жазылушылар үшін индексі 65202, жарты жылдық бағасы - 2000 теңге.**

**Мекеме-ұйымдар үшін индексі 15202, жарты жылдық бағасы - 2500 теңге.**

**Зейнеткерлер үшін индексі 35202, жарты жылдық бағасы - 1500 теңге.**

## «Мерейлі отбасы» облыстық ұлттық конкурсы

Өтінімдерді қабылдау: 2024 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін



Толық ақпарат алу үшін 8(72839) 2-13-64 нөміріне хабарласыңыз.

# Көпшілік тілегі ескерусіз қалмайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сарқан қаласында №1 мектеп-гимназиясында жабық стадионның (107 млн.тг.) құрылысына қаражат бөлінді, Сарқан қаласындағы 2-кі 5 қабатты 60 пәтерлі жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысының аяқталуына 200,0 млн. тг. қарастырылды, сонымен қатар, инженерлік-коммуникациялық желілерді салу және 5 қабатты 60 пәтерлік жалға берілетін жеті тұрғын үйді абаттандыру жұмыстарына, 1 кезеңіне 50,0 млн. теңге бөлінді, биылғы жылы Сарқан қаласында 50 жаңа жер үй сатып алғанға Республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Аталған үйлер тендерлік процедуралардан өткеннен кейін кезекте тұрған азаматтарға берілетін болады.

Сарқан қаласының айналма жолының бойына 8,0 млн. теңгеге стелла орнатылады. Қаланың ДЭУ ықшам ауданында бір типтік 10,0 млн. теңге болатын спорт және балалар алаңдарының құрылысы, Байтұрсынов (10,0 млн. тг.) көшесінде балалар ойын алаңдарының құрылысы жүргізіледі, Бөгенбай батыр (24,6 млн.тг.), Буашев (16,5 млн.тг.), Қонаев (7,7 млн.тг.), Тәуелсіздік (17,2 млн.тг.), Тәуелсіздік пен Қабанбай батыр көшелер арасындағы (5,5 млн.тг.), Қонаев пен Жамбыл көшесінің қиылысына дейін (12,6 млн.тг.) жаяу жүргіншілер жолы төселіп, абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Сарқан қаласының Қуатбаев (50,0 млн.тг.), Петровский (72,7 млн.тг.) Бірлік ауылының Чепрасов, Жансүгіров (77,7

млн.тг.) көшелеріне, Сарқан қаласының Ғ.Мүсірепов, М.Өтемісұлы, И.Тайманұлы, Ш.Қалдаяқов және ДЭУ ықшам ауданының орталық көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізу жоспарланған болатын. Алайда, қаражаттың қысқартылуына байланысты аталған көшелердің жөндеу жұмыстары кейінге шегерілді. Осылайша Сарқан қаласының көшелерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына 10,0 млн.теңге бөлінді, сонымен қатар жылу желілерінің (3 км) жобалау сметалық құжаттарын әзірлеуге 32,5 млн. теңге қаражат бөлінді, қаланың бас су қабылдағышын қайта жаңарту жоспарланып, жобалық-сметалық құжаттары әзірленді. Қажетті қаражат 283 млн. теңге. Бүгінгі күнге бөлінген қаражат сомасы -100 млн. теңге.

Есеп барысында аудан басшысы Ғалымжан Қанатұлы алдына қойылып отырған міндеттер жылдан-жылға артып келетінін, осы мақсаттарға қол жеткізіп, аудан халқының әл-ауқатын арттыруға бар күш жігерін салатынын мәлімдеді. Сондай-ақ өңір басшысы былтырғы жылғы халықпен кездесуде бірқатар тұшымды сауалдар қойылғанын, солардың орындалу барысын да айта кетті.

2019 жылы Сарқан қаласының Наурызбай көшесіне 2,5 км жолдың 0,5 шақырым бөлігіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын, аталған көшенің қалған 2,0 шақырымын жөндеу жұмыстарына биылғы жылы жобалау – сметалық құжаттары әзірленіп, қаражатқа өтінім берілетінін, Сарқан қаласындағы М.Төлебаев көшесіне орташа жөндеу



жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына биылғы жылғы наурыз айында бюджеттік өтінім берілгендігін, қажетті қаражат сомасы 25,0 млн. теңге. Алайда қаражаттың қысқартылуына байланысты, жөндеу жұмыстары кейінге шегерілгендігін, Сарқан қаласы «Қойтас» саябағы мен Бөгенбай батыр көшесінің аралығына трансформатор орнатылатынын, биылғы жылы Тасболат Мерекенов көшесіне арық жүйесін тарту жұмыстары жүргізілетінін, содан кейін әр үй өзінің ауласына қарай арық жасап алуы қажеттігін, бүгінгі күнге Сарқан қаласының орталық жылыту қазандығы толық қуатта қызмет атқаруда екендігін, сондықтан «Аэродром» ықшам

ауданына жылу жүйесінің (теплотрасса) құрылысын жүргізу қазіргі таңда мүмкін еместігі, Сарқан қаласы, Қабанбай батыр көшесінің ұзындығы 4,2 км құрайтынын, 2022 жылы аталған көшеге күрделі жөндеу жұмыстары басталып, 2023 жылы жұмыстар толығымен аяқталғандығын, жөндеу жұмыстарының құны -271,9 млн. теңге құрағанын атап өтті. Кездесуге келген тұрғындар сауалдарына тұшымды жауап қайтарылды.

Кездесу соңында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев жеке қабылдау ұйымдастырып, жергілікті тұрғындарды алаңдатқан мәселелерін тыңдап, жеке қадағалауына алды.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

## Мемлекеттік қызметшінің әдебі

Мемлекеттік қызметшінің әдебі – өте маңызды ұғым. Өйткені, мемлекеттік қызметшінің тәртібі мен өзін-өзі ұстауына, кәсіби біліктілігіне, халықпен қарым-қатынасына қарай халықтың тұтас мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан, елімізде мемлекеттік қызмет атқаратын мамандардың, әдеп нормалары қалыптасқан. Мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуі тегіннен тегін емес. Қоғамның айнасы саналатын мемлекеттік қызметшілер өз әрекетімен басқаларға да үлгі бола білуі керек.

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұйрығына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексінің жаңа редакциясы қабылданған. Кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» туралы тарау енгізілді. Бұл кодекс мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебін стандарттауға және кішіпейіл мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі туралы 6 қағида негізделген. Атап айтсақ, адал ниет, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, бағдарлану тараулары бар. Жалпы жаңа әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі болып саналады. Уақыт сұранысына сай толықтырып отырған заңнамамыз еліміздегі мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысына әрі қорған, әрі бағыт-бағдар болары сөзсіз. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде: әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға



және басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық және жеке басына берілген белгілері бойынша артықшылықтарды көрсетпеуге тиіс.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмау. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмеуі, үлгілі мінез-құлқы ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып саналады. Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау әрбір адамның қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті деп есептеймін.

**Асель АЙТҚАЛИЕВА,**  
**«Сарқан ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.**

### Вниманию жителей Сарканского района!

В главной странице сайта акима Сарканского района в разделе «Документы» опубликованы ссылки на проекты бюджетных программ и гражданского бюджета на стадии планирования администраторов бюджетных программ Сарканского района на 2025-2027 годы. Сообщаем, что по данной ссылке вы можете открыть бюджетные программы и написать свои комментарии. Ссылки сайта акима Сарканского района

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-sarkan/documents/details/659820?lang=ru>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-sarkan/documents/details/659830?lang=ru>

**ГУ «Отдел экономики и финансов Сарканского района».**

### Жемқорлыққа қарсы күрес – заман талабы

Қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе. Сыбайлас жемқорлық - барлық елдерге, олардың мәртебесі мен даму деңгейіне қарамастан әсер ететін мәселе. Мемлекеттік қызмет сыбайлас жемқорлық көріністерінің басты орындарының бірі болып табылады. Лауазымды тұлғалар арасындағы лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану биліктің заңдылығын бұзуға, дамыған қоғамның іргелі құндылықтарын жоюға, үкімет пен қоғам арасындағы тікелей диалогты қиындатуға, халық наразылығының туындауына әкеледі. Нәтижесінде мемлекеттің егемендігіне қауіп төнеді. Мемлекеттік қызмет жүйесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді тәсілдерін көздеуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары сыбайлас жемқорлықтың зияны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шенеуніктерге шағымдану міндеттемесі, сыбайлас жемқорлықтың нақты деңгейі сияқты факторлар туралы халықтың хабардар болуына ықпал етуі керек.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық ауқымдылығына ғана байланысты ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – парақорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Өрқашан да адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімен жетуге тырысу керек. Адамға өмір бірақ рет беріледі, сол өмірдің әр жылын жарық күнде, бейбіт өмірде өткізу бәріміздің міндетіміз!

«Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» Сарқан филиалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік инспекторлар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарымен күресу, сыбайлас жемқорлықтың салдарын жою туралы үнемі сұхбаттар, дөңгелек үстел, үгіт - насихаттар жүргізілуде.

**Т.КУСАИНОВ,**

**«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының директоры.**



## КТО МОЖЕТ ПОЛУЧИТЬ БЕСПЛАТНЫЕ ЛЕКАРСТВА В РАМКАХ ОСМС И ГОБМП?

Нормативные правовые акты в области здравоохранения регламентируют, что население страны при наличии определенных заболеваний может рассчитывать на лекарственные средства и медицинские изделия на амбулаторном уровне за счет средств ГОБМП и ОСМС.

На сегодняшний день в поликлиниках для пациентов, состоящих на учете с хроническими заболеваниями в системе ОСМС обеспечивается 261 наименований лекарственных средств и медицинских изделий по 68 нозологиям и в рамках ГОБМП - 386 наименований лекарственных средств и медицинских изделий по 52 нозологиям.

В рамках ОСМС, то есть имея статус «Застрахован», амбулаторное лекарственное обеспечение получают пациенты, состоящие на динамическом наблюдении, с отдельными установленными заболеваниями и состояниями. Например, женщины фертильного возраста, имеющие железодефицитную анемию, могут получать препараты железа, пациенты с диагнозом «Атеросклероз» получают антикоагулянты, то есть пациенты, состоящие на динамическом наблюдении, должны обеспечиваться препаратами по своему заболеванию.

Напомним, что с 1 января текущего года, амбулаторное лекарственное обеспечение по заболеваниям артериальная гипертензия и аритмии осуществляется в рамках ОСМС. То есть для получения лекарств по данным заболеваниям необходимо иметь статус застрахованности.

Также вне зависимости от статуса в системе ОСМС, бесплатными лекарствами обеспечиваются пациенты с отдельными состояниями, состоящие на динамическом наблюдении, например, имеющие психические и поведенческие расстройства, пациенты после пересадки органов и тканей, сахарным диабетом, астмой, легочной гипертензией, ишемическим заболеванием сердца и другие.

Для получения бесплатных лекарств нужно обратиться к своему участковому врачу за рецептом. А затем можно получить лекарство в аптеке при поликлинике с рецептом, предъявив документ, удостоверяющий личность.

С перечнем лекарств можно ознакомиться в приказе МЗ РК №75.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».

Рента- это сделка между собственником квартиры или дома и второй стороной, которой жилье передается в собственность на определенных условиях. Условиями могут стать регулярные денежные выплаты либо предоставления средств на его содержание в иной форме. Собственник квартиры или дома, который считается получателем ренты фактически переписывает свое недвижимое имущество на другого лица, то есть плательщику ренты. Но не просто так, взамен второй участник сделки будет ухаживать за владельцем жилья или поддерживать его материально. При этом получатель ренты законно остается жить в своей (точнее, юридически уже не своей) квартире или доме до самой смерти. Все это оформляется договором ренты, который подлежит нотариальному удостоверению.

Договор ренты — это соглашение между получателем ренты и ее плательщиком, в соответствии с которым получатель ренты передает плательщику ренты в собственность определенное имущество за регулярную плату или содержание, например уход, помощь с лечением, покупку продуктов, стирка белья, покупка одежды и т.д...

Получателями ренты могут быть только физические лица, а плательщиком ренты — кто угодно: физическое или юридическое лицо.

Как правило, в практике в роли получателя ренты (того, кто переписывает свое недвижимое имущество на другого лица) в основном выступают пожилые люди, находящиеся в затруднительном финансовом и ином положении и лица, не имеющие родственников. Если есть

## Рента и пожизненное содержание с иждивением

договор ренты, то получатель ренты не имеет право пользоваться жилой площадью, но, правда, с обременением: он не имеет права совершать никаких сделок с недвижимостью до тех пор, пока получатель ренты жив. Выплаты ренты происходят только при жизни получателя ренты. Действие договора пожизненной ренты прекращается автоматически в связи со смертью рентополучателя.

**Постоянная рента:**  
В случае постоянной ренты в роли того, кто её получает, могут выступать не только физические лица, но и некоммерческие организации, если это соответствует целям их деятельности. Права получателя ренты по договору постоянной ренты могут передаваться по наследству, то есть в случае смерти рентополучателя, сумму ренты будут получать наследники. Выходит, что получатель ренты может обеспечить своих наследников за счет рентных платежей, которые они смогут получать с момента смерти рентополучателя. Выплата ренты не ограничена определенным периодом времени, даже сроком жизни первоначального получателя, иными словами, бессрочна.

Плательщик ренты имеет право выкупить ренту, после чего регулярные платежи прекращаются. Это основная особенность такого вида ренты. Для выкупа ренты плательщик должен не только

не принадлежит ему. Плательщик ренты также может пользоваться жилой площадью, но, правда, с обременением: он не имеет права совершать никаких сделок с недвижимостью до тех пор, пока получатель ренты жив. Выплаты ренты происходят только при жизни получателя ренты. Действие договора пожизненной ренты прекращается автоматически в связи со смертью рентополучателя.

Плательщик ренты имеет право выкупить ренту, после чего регулярные платежи прекращаются. Это основная особенность такого вида ренты. Для выкупа ренты плательщик должен не только

### •Денсаулық

## ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕ ТАМАҚТАН УЛАНУДАН ҚАЛАЙ АУЛАҚ БОЛАМЫЗ?

Жаз - тамаша уақыт, демалыс уақыты, ата-әжелерге бару, көкөністер мен жемістерден ләззат алу, ашық күннің астында Д витаминімен қанығу уақыты. Мұндай уақытта ешқайсымыз уланудың салдарынан қызуымыз көтеріліп, жүрегіміз айнып ауырғымыз келмейді. Ауаның жоғары температурасы, азық - түлікті сақтау ережелерін бұзу және гигиенаны сақтамау



асқазан-ішек жолдарының ауруларының негізгі себептері болып табылады. Өзіңізді тамақтан уланудан қалай қорғауға болады және оларды болдырмау мүмкін болмаса не істеу керек? Тамақтан улану - бұл ас қорыту жүйесінің бұзылуымен бірге жүретін жіті ауру. Оның себебі ағзаға әртүрлі микроорганизмдердің, көбінесе бактериялардың тамақ өнімдерімен енуі болуы мүмкін. Улану жағдайларының көпшілігі сары стафилакокк пен ішек таяқшасының тағамдарда тез көбеюінен туындайды. Улану көбінесе жарамдылық мерзімі өткен немесе қолайсыз жағдайларда сақталған немесе санитариялық нормаларды бұза отырып дайындалған сапасыз өнімдерді тудырады.

**Аурулардың негізгі себептері** - бактерия тасымалдау, технологиялық процесс, өнімдерді дұрыс сақтамау және т. б. Улануды көбінесе дайын тағамдар тудырады - майонез және қаймақ қосылған көп компонентті салаттардың барлық түрлері, кілегей қосылған кондитерлік өнімдер, туралған ет тағамдары, желе және басқалар. Дайын тағамдардан басқа, нашар жуылған жидектер, жемістер мен жаңа піскен көкөністер уланудың себебі болуы мүмкін, өйткені олардың бетінде ішек инфекцияларының қоздырғыштары қалуы мүмкін. Егер сіз белгілі үш ережені ұстанатын болсаңыз, өзіңізді және айналаңыздағы адамдарды жазда тамақтан уланудан қорғауға болады: **ГИГИЕНА ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ** - көшеден үйге келгеннен кейін, тамақтанар алдында және дәреханаға барғаннан кейін қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз; - көкөністерді, жемістерді, жидектер мен шөптерді ағын судың астында, ал кішкентай балалар үшін қайнаған сумен жуыңыз; - ыстық және суық тағамдарды дайындаған кезде үйдегі гигиена ережелерін, жарамдылық мерзімдерін және азық-түлікті, әсіресе тез бұзылатын тағамдарды сақтау шарттарын сақтаңыз; шикі тағамдар мен дайын тағамдарды бөлек сақтау керек; - шикі өнімдерді өңдеу үшін инфекциялық аурулардың алдын алу үшін жеке пышақтар мен кесу тақталарын пайдалану қажет. **ТАМАҚ ПІСІРУ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАҢЫЗ** - егер сіз өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, дене қызуы, нәжістің бұзылуы, жүрек айнуы, іштің ауыруы болса, қонақтар мен отбасыларға тамақ дайындамаңыз; - жаңа піскен тағамды алдыңғы күннің қалдықтарымен араластырмаңыз; - тағамдарды мұқият қуырыңыз және бумен пісіріңіз, әсіресе ет, құс еті, жұмыртқа және теңіз өнімдері; - қалған тағамдарды бір күннен артық сақтамаңыз, әсіресе салаттар мен туралған ет өнімдері; - торттарды, кремі бар торттарды тоңазытқышта сақтаңыз. **ТАМАҚ САТЫП АЛҒАНДА АБАЙ БОЛҒЫҢЫЗ** - тағамды дайындауды тексеретін жерден сатып алыңыз, әсіресе ет пен балыққа қатысты. - өнімнің жарамдылық және дайындау мерзімін мұқият оқып шығыңыз, өнімнің сапасын көзбен және иіспен тексеріңіз. Шіріген және көгерген тағамдарды, әсіресе қара көгеруден зардап шеккен тағамдарды жеуге болмайды. - балаларды тамақтандыру үшін хош иістендіргіштері, хош иістендіргіштері, бояғыштары және басқа химиялық қоспалары бар өнімдерді пайдаланбаңыз; - қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу үшін пайдаланыңыз. Жоғарыда аталған барлық ұсынымдарды орындау сізге жазда ғана емес, жылдың кез келген уақытында тамақтан уланудан аулақ болуға көмектеседі.

Д.КАЛЫГУЛОВ,

Сарқан аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

заплатить стоимость недвижимости, но и разово внести сумму, которая прописана в договоре. Если же в этом документе конкретная сумма выкупа не указана, то вносится годовая сумма рентных платежей. Срок действия договора постоянной ренты прекращается сразу после полной оплаты.

**Пожизненное содержание с иждивением:**

Пожизненное содержание с иждивением подразумевает, что рентополучатель передает принадлежащее ему недвижимое имущество в собственность плательщика ренты и получает от него не только определенные денежные выплаты, но и помощь. Это может быть обеспечение продуктами и лекарствами, уход за рентополучателем (ухаживать рентодатель может лично либо нанять получателя ренты помощника(цу) - по договоренности), помощь по бытовым вопросам и так далее. При этом плательщик ренты обязуется осуществлять пожизненное содержание с иждивением получателя ренты и (или) указанного им третьего лица в договоре. При существенном нарушении плательщиком ренты своих обязательств получатель ренты вправе потребовать возврата недвижимого имущества, переданного в обеспечение пожизненного содержания, либо выплаты ему выкупной цены. Плательщик ренты при этом не вправе требовать компенсации расходов, понесенных в связи с содержанием получателя ренты. Обязательство пожизненного содержания с иждивением прекращается со смертью получателя ренты.

А.ТУРУСБЕКОВА,  
нотариус.



## Алакөлдік ағайындардың ақжарма пейілі

Жуырда Төлегетай бабамызға арналатын алдағы жауапкершілігі мол іс-шараның барысын ақылдасу мақсатында Алакөл ауданында болып, ағайындарымыздың ақжарма ықылас-пейіліне риза болдық. Аудан әкімі Алмас Сапарғалиұлы Абдинов өзі бас болып, біраз азаматтардың басын қосып, осы айдың аяғына дейін ортақ мақсатқа өз үлестерін қосатынын айтты.

Жүздесу барысында алакөлдік азаматтар бастамашыл топтың ақсақалы Аманғазы Шегіровтың Найман руының аңызға айналған ірі тұлғасы Ақсұлу (Өлпеш) анамызды мәңгі есте қалдыру үшін ескерткіш орнату бойынша ұсынысын қолдады. Ұрпақ зердесіне тарихтың тылсым сырларын құятын осындай бастама еліміздің ертеңі үшін қажет екендігін сөз алғандар атап көрсетті.

Төлегетай бабамыздың қорына бауырларымыз теңізге құйылған тамшыдай өз үлестерін қосып, ертеңгі астың қамы бүгін жасалуда. Атап айтқанда соңғы аптада Ақсу ауданынан Нұрлан Имансыдық әулеті 1 000 000 теңге, талдықорғандық Мәулен Қорғанбаев, сарқандық Жәлел Сасанбаев 100 000 теңгеден, Серік Тасболатов, Сәдуақас Садықов, Жанат Тойшыбеков 50 000 теңгеден үлестерін аударса, талдықорғандық ақсақалымыз Болат Молдабеков 30 000 теңге, Б.Ермек деген бауырымыз 7000 теңге үлес қосты.

**Қадыр АБДРАХМАНОВ,**  
ұйымдастыру тобының төрағасы.

## Сарқан - Жаңақорған бағытына автобус жүреді



Дана халқымыз "Ас - аттынікі, той - тондынікі" дейді. Расында да алыстағы асқа жету үшін алдын ала көлік қамдаған ләзім. Осыны ескерген "Қанатжан и Ко" ЖШС директоры Жәлел Сасанбаев асқа баруға ниет білдіргендер үшін жағдайлы автобус бөлінетінін хабарлады.

Асқа бағыт алған арнайы автобус сапарға қыркүйектің 26-сы күні шығады. Сарқаннан, Ақсу ауданынан, Талдықорған қаласынан үлкен мақсат бастарын біріктірген ағайындар осы сапарда Арыстанбаб әулиенің басына түнеп, Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етіп, бабамыз мәңгі қоныс тапқан Жаңақорған кентінде ауқымды іс-шараның ортасында болады, асқа қатысып, ел көлеміндегі ағайындармен танысады.

Автобустың барып-келу шығыны бір адам үшін 22000 теңге. Сапарға ниет білдіргендердің аудандық автобекет кассасынан алдын ала билет алуына мүмкіндік бар.

Ортақ мақсат басымызды біріктірсін, ағайын!

Өз тілшіміз.

# Сыр бойының сырсаандығы ашылады

Жомарт ИГИМАН

**Б**иыл қыркүйектің 28-інде Найман ұлысынан тараған Төлегетай баба ұрпақтары Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында баба кесенесіне тәу етіп, Найман Төлегетай әулие мен Қожа Қылышты атаның рухтарына бағыштап құран оқытып, ас береді. Ең алдымен Төлегетай бабамыз кім болған деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Төлегетай баба мөлшермен XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген. Қылышты датқа Сыр бойына өзінің рухани ұстаздары Хорасан Қылауыздың ықпалымен келіп, өмірінің соңын Төлек атамен өткізіпті. Төлегетайды болашақты болжай алатын көрегендігі болған. Соны байқаған иісі қазақ әулие санайтын Қылышты ата оған қызын берген. Қожалардың қараға қыз бермегенін ескерер болсақ Төлегетай бабаның ерекше жан болғандығы байқалады. Аңыз былай дейді: Төлек ата Қылышты датқаның дәрегіне келіп алдымен бір қора қойын бағыпты. Таңертеңнен кешке дейін үй бетін көрмей малға жақсы қарайды. Бірақ ешкім оның бағымындағы қойларды суғаруға ауылға келгенін көрмейді. Қылышты датқа өріске барып мына ғажапқа куә болды. Төлек атай шаңқай түсте сексеуілге жарғағын жайып тастап, саясында жатыр екен дейді. Төмпешік құмға тығып қойған таяғынан жылғалап су ағады. Мал суды содан ішеді. Жайған малына қасқыр да шаппайтын көрінеді. Содан датқа Төлекті шақырып, ата-тегін біліп, Найман атадан тараған ұланға оң жағынан орын беріп уәзір етіп сайлайды. Содан бастап Төлек ата мен Қылышты датқаның арасында әке мен баладай, сырлас достардай игі қарым-қатынас орнайды. Арада біраз уақыт өткесін Қылышты өзінің қызын беріп, тіріде бір болған басымыз өлгенде бір жерде болсын деп уәделесіпті. Төлегетай бабаның мәйіті ұстазы, қайын атасы Қылышты атаның қабірінен үш кез төмен жерленген, Жібек жолының бойында жатыр. Айтулы ақын Несіпбек Айтұлы «Төлегетай» атты поэмасында:

Бабамыз Қылыштыдан бұрын өлген,  
Ел-жұрты артындағы күңіренген.  
Қылышты көп жылдан соң өтерінде,  
Қоштасып былай депті тірілермен.  
«Жаратқан жарылқасын көмекке кеп,  
Ешкімге ренжімен мен өкпелеп.  
Тілек қып басымызға түнегендер,  
Алдымен дұға қылсын Төлекке кеп»,-  
депті.

Тарихи деректі көркемсөзбен өрнектеген халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қабдеш Жұмаділовтың Төлегетай баба туралы тарихи толғамынан үзінді келтіре кетейік.

2013 жылдың басында Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында Төлегетай бабамызға арнап ас беріліп, құран оқылған екен. Астың Сыр бойында өтетін Төлегетай бабамыздың мазары осы Жаңақорған ауданының жерінде аудан орталығынан небәрі 20 шақырым жерде жатыр. Ас соңында құрылған Төлегетай қорының мақсаты тозығы жет-

кен ескі мазардың орнына жаңа кесене салу. Төлегетай мен оның ұрпақтары жайындағы шежірелерді іріктеп, тарихи деректер жинап, бастыру. Шежіреге бәрі де ауызша айтуға, есте сақтауға бейімделіп, қысқарған, оңайлатылған. Онда бәрі де қарапайым, бірінен бірі оңай тудырып тізбектей береді. Шежіре бойынша Төлегетай Найманның (Ақсопы) шөбересі, Найманнан Белгібай, одан Сүйінші, одан Төлегетай. Ал бұл күнде төрт Төлегетай атанып жүрген Найманның төрт тайпасы. Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл-Төлегетайдың немерелері. Төлегетай бабамыз ұрпағым өсер ме екен деп өзінен туған жалғыз ұлдың атын Қытай деп қойған екен.

Бірақ ол бір соғыста оққа ұшырады да, артында қалған төрт ұл атасының бауырында өсіп, төрт Төлегетай атанды. Бұл күнде сол төртеуінен тараған ұрпақ ұланғайыр елге айналды. Төлегетай аса белгілі тарихи тұлға. Бабамыздың мазарының сақталуы, оған тәуіп еткен ел ізінің әлі күнге дейін суымауы – біздің сөзімізге толық дәлел. Білгір тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев өз жазбаларында өзі мен Төлегетайдың арасы 17 атаға дейін жеткенін айтады. Тарихшылардың әр атаны 20-30 жыл деп алатынын ескерсек, ғұламаның жобасы қисынға келіп тұр. М.Тынышбаев төрт Төлегетайдың Садыр тармағынан. Алты Алашқа аты мәлім Ақтайлақ бидің мол мұрасы ішінде мынадай жолдары бар:

Қаракерей алтын қазақ,  
Матайым күміс қазақ.  
Садырым жалаңтөс ерім,  
Төртуылым – өлімперім.  
Найман деген елміз,  
Қай арыстан кембіз.  
Жалғыз айыл тусақ та,  
Жайылып кеткен көлміз,  
Абылай аспас сары белміз.

Шежіренің барлық нұсқасында бірдей қайталанатын тағы бір аңыз тікелей Төлегетай бабамызға қатысты айтылады. Бабамыздың биік парасаты, ұрпағына айтқаны, көрегендігі сөз болады. Төлегетайдың немересі әбден азамат болып, атқа мінген шақта бір түнде төртеуі бірдей түс көріп, атасына келіп жорытқан екен.

– Мен түсімде шеті жоқ қалың орманға кіріп кетіп содан жол таппай адасып жүрмін,-дейді үлкен немересі Қаракерей.

–Әй, бәрекелді балам! Түсің қандай жақсы еді. Ұрпағың қара ормандай көп, төрт түлігің сай болады екен депті қатты разы болған атасы. Бабаның бұл айтқаны айна-қатесіз келді. Қазір Төлегетай әулетінің жарымына жуығы Қаракерей



## Аналар күні аясында



Үкімет қаулысымен елімізде мамырдың екінші жексенбісі Аналар күні болып белгіленген болатын. Осынау айтулы мерекеге орай Қарауылтөбе орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Абзалбекованың ұйымдастыруымен "Ана- өмірдің шуағы" тақырыбында аналар форумы өтті.

Тәрбиелік мәні зор форум 3 кезеңнен тұрды. 1-ші кезең аналардың қолөнері, яғни әр ана өз қолынан жасалған дүниелерін көпшілік алдына әкеліп, өз талантымен бөлісіп, ортаға шығарды. Мәселен құрақ көрпенің түр-түрі, сурет өнері, қолдан тоқылған аяқ киім, көйлектер, аспаздық шеберліктері көрермендер алдында паш етілді. Мектеп директоры К.Қыдырманова барша аналарды атаулы күнмен құттықтап, шараның ашылуына ізгі тілегін айтып ниетін білдірді.

2-ші кезең мектеп оқушыларының "Кешір ана" қойылымымен жалғасты.

Сондай-ақ мектебіміздің аналар кеңесінің мүшесі "Ана- өмірдің шуағы" тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп психологы ортадағы қонақтармен тренинг өткізіп, шараны барынша қызық тыра түсті.

3-ші кезең аясында аналар тақырып бойынша постер қорғап, кері байланыс берді. Қонақтарымыз шаңырақтың шуағы, берекесі - аналарды мерекелерімен құттықтап, алғыстарын білдірді. Форум мектеп оқушыларының аналарға арналған концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Бар әлемді құшағына сыйдырған, отбасы тірегі, бақыттың тұтқасы - асыл аналарға осылайша зор ілтипат жасалды. Мереке күнінде "Аналар кеңесінің"



төрайымы Ш.Утеугалиева мен мүшелері Б.Жақсылықова, К.Бекмуратова, Г.Тинашева және ата-ана комитетінің төрайымы Н.Абдрашеваға, ауылымыздағы алтын құрсақты ана, "Алтын алқа" иегері Н.Мамбетбаеваға құрмет көрсетілсе. Аманкелді ауылдық округ әкімі Е.Абильбеков аяулы аналарымызға "Алғыс хат" табыс етті. Ал Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Г.Қалиева әлемнің жарығын сыйлаған аналарымызға денсаулық, амандық, бақ-береке тілей отырып, иықтарына ақ жаулық жауып, мерекелерімен құттықтап, құрметтеді. Еліміздегі мереке күндерінің тізбесі Аналар мерекесімен толықтырылғаны

барша Аналар үшін үлкен мәртебе. Ана - әлемнің шамшырағы, бесіктің иесі, өмірдің керегесі.Сіздер — әрбір адамның, өміріндегі ең, қымбат, ең аяулы жансыздар. Балаларыңыз күн сайын сіздерді аялап, қуанышқа бөлей берсін, Мерекелеріңіз құтты болсын! Шарапатты шараға қатысқан әрбір жанның жүрегін осындай ізгі тілек тербегені сөзсіз.

**Е.СҮДІРБАЕВА,**  
Аманкелді ауылдық округінің Аналар кеңесінің төрайымы.

## Қайырымдылық — жылы жүректен!

Қайырымдылық - адам бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі. Ондай адам рухани құндылықтарды материалдық құндылықтан жоғары қояды. Өзінің жанашырлығымен және таза ниетімен ерекшеленеді. Мейірімділік — адамның өзге біреуге жылылығын, ізг ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Жылы жүректен адамдар арасындағы сыйластық, кеңпейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттер көрінеді. Қайырымдылық адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырата-тын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттердің бірі болып саналады.

Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан.

Ж.Баласағұн «Кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең — мейірімділік көресің», деп мейірімділікке зор мән берген.

Мейірімді, бауырмал, көмекке дайын тұратын абзал адамдар — кез келген қоғамның негізгі тірегі. Мейірімділік пен қайырымдылық адамға адам болып қалуына көмектесетінін адамзат жақсы біледі.

Осы орайда, айта кететін жайт, жылма-жыл республика көлемінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып отырылады. Ауданымыздың барлық қызметкерлері осы акцияға қатысып, әр балаға жылулық сыйлауды мақсат етеді. Биылғы жылы осы акция аясында мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы және жартылай жетім отбасы балаларына көптеген көмектер көрсетілгені қуантарлық жағдай. Бұл көмек түрі «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық акциясымен байланысты өтті. Акция аясында «Қуанса — бала қуансын», - демекші әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларға барлық оқуға қажетті құрал-жабдықтар табысталды.

Сонымен қатар қайырымдылық жалғасын тауып, мектебіміздегі оқушыларға мектебіміздің ұстаздары тарапынан киім-кешек, азық-түлік ретінде көмектер де көрсетілді. Мектеп ұжымына, ұстаздарымызға мың алғыс айтамыз. Бұл акция әлі де мектебімізде қайырымдылық акциясы ретінде жалғасын таба бермек.

Қайырымдылық жасау имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі, адам баласын игі істерге бастайтын ізгі жүректің қалауы. Біз елемейтін, қарапайым дүниелер шынымен басқа біреу үшін үлкен қуаныш болуы мүмкін, біреу үшін қиналған кезінде ең қажетті көмек болуы мүмкін. Сондықтан бала деп жүрегіміз алып ұшқан кең пейілімізбен бір-бірімізді қуанта білейік!

**К.АХМЕТОВА,**  
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы.

## Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік

Адамзат тарихындағы сұрапыл және қанды соғыс аяқталғанына міне 79 жыл толып отыр. Ел басына қатер төнген қиын-қыстау жылдары Кеңес Одағының халқы тілі мен дініне қарамай өз Отанын фашистік езгіден қорғап қалды. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің ерлігі тарих беттерінде өшпестей алтын әріптермен жазылды.

Жарқын өмірді тарту еткен аталарымыз бен әжелеріміздің ерліктерін мақтан тұтып, оны келешек ұрпақтың естерінде мәңгі қалдыру — әр адам баласының міндеті. Осындай аталарымыздың ерлігін паш ету жолында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде «Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік» атты тақырыпта көрме ұйымдастырылды. Көрмеге әскери құты және Лепсі ауылынан Ұлы Отан соғысына аттанған майдангерлердің жеке заттары, орден медальдары, суреттері, кітаптары қойылып көрермен назарына ұсынылды. Атап айтар болсақ Ұлы Отан соғысына қатысып майдан шебінен аман оралған жерлесіміз Ахметов Мұратбек атамның ұрыс даласында өткізген әрбір күнді жазған жеке күнделігіндегі екі — үш күнде 30-дан аса фашистерді ерлікпен жеңгені, үш мәрте жараланып госпитальда жатқандағы медбикелердің ерлігі ту-



ралы өте жақсы жазылған естелігі көрермендерге айтылып насихатталды. Келесі бір ержүрек майдангеріміз Қойгелдинов Алдаберген атамның 1912 жылы Бөрлітөбе ауданы, Лепсі ауылында дүниеге келген. Соғысты 1943 жылдың 3 мамырынан бастап 50 атқыштар полкінде атқыштар ротасының командирі болып бастады. Өзінің соғыста көрсеткен батырлығы

үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. Осындай Лепсіден аттанған ержүрек жауынгерлеріміздің Қайранов Жұмахан, Қайроллаев Нүсіпбек, Кәріпжанов Бостан өмір жолдары, ерліктері туралы сыр шертілді.

Жаутандап қарап дала тұр,  
Көз жасын сүртіп жаңа бір.  
Хабарсыз ұлын сұрауға,  
Жолыңды тосып ана жүр.  
Қанша үйдің ұрлап

адамын,  
Қанша үйде сөніп қалды  
оттар.

Көрдің бе ұлын ананың,  
Соғыстан қайтқан солдаттар? — деп Сырбай Мәуленов ағамыз жырлағандай майдан шебінде қаза болған, тылда еңбек еткен аналарымызға деген ыстық ықылас пен құрмет, алғыс пен ілтипат толастамай, керісінше ұлғая беруі керек. Өр таңымыздың бейбітшілікпен атуы, күніміздің сәттілікпен батуы, ұйқымыздың тыныш болуы — осының бәрі ардагерлеріміздің арқасы. Осындай аталарымызбен, апаларымыздың ерлігін айтып, келер ұрпаққа насихаттау біздің міндеттіміз.

**А.ЖҰМАБЕК,**  
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.



• **Қала әкімінің назарына**

## Саябақ демалыс орны емес пе?

"Жастар" саябағына жиі барамыз. Балаларымыздың да көңілі бұрып тұрады. Көретін, қызықтайтын, тамашалайтын орындар бар. Мұндайда көңілге қорық түсіретін жайт кездеспесе дейсің ғой...

Саябақтың жаяу жүргіншілерге арналған соқпағымен келе жатсаңыз алдыңыздан, артыңыздан бір-бірінен озуға талпынған балалардың ойын машиналары, велосипедтер жол бермейді. қақтығысады, кептеліс жасайды, қағып-соғып өтеді, әйтеуір балаңның алаңсыз ойнауына кедергі жасайды.

Бұл қолайсыздықтан арылудың жолы бар ма? Әрине, бар... Ойыншық көліктерді жалға беретіндерге орталық алаңнан орын беру керек. Сондайда мереке күндерінен басқа уақытта бос тұратын алаңға жан бітеді. Балаларын ойынға алдандырып, ата-аналар да алаңсыз демалады, әрі көзқуаныштарын сырттай қадағалауға мұнда молынан мүмкіндік бар.

Көпшілік тілегін қала әкімі ескеріп, тиісті нәтиже шығарса дейміз...

**А.АЛИПОВА,**  
Сарқан қаласының тұрғыны.

Биыл Ұлы Жеңіске 79 жыл толып отыр. Жеңіс күні - өскелең ұрпақтардың Отан үшін от кешкен соғыс ардагерлеріне тағзым ететін күн. Отанын қорғау үшін соғыс өрті кешкен ардагерлеріміздің ерен ерліктері мен қаһармандығы ешқашан ұмытылмақ емес. Ардагерлерді еске алып, құрметтеу бүгінгі жас ұрпақтың парызы. Жеңіс күні мерекесімен тұспа-тұс ауылымызда жаңадан салынған футбол алаңының салтанатты ашылу рәсімі өткізілді.

Президентіміздің сындарлы саясатының айқын дәлелі ретінде футбол алаңының салынуы ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларына үлкен сый, қуаныш болды. Футбол алаңының жалпы аумағы 800 шаршы метр, барлық талаптарға сай салынған. Футбол алаңының ашылу салтанатына орай Лепсі аймақтық 9-11 сыныптар арасында және 5-6 сыныптар арасында футбол ойынынан жарыс ұйымдастырылды. Футбол турниріне «Тәжік- Ауған» қақтығысының ардагерлері - Джаманбаев Ержан, Егізтаев Бейбіт, Көшербаев Қанат демеушілік көрсетті. Жарысты мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Рахымбаев Арнұр басқарып, ойын тәртібі мен ережелерін түсіндірді. Жарыс өте қызық, әрі тарты-

• **Спорт**



## Футбол алаңы ашылды

сты өтті. Жарысқа қатысушылар жоғары дайындықпен келгендігін дәлелдеді. Жарыс қорытындысы бойынша 5 мектептен 9 – 11 сыныптар арасында 5 команда, 5 – 6 сыныптар арасында 5 команда ойынға қатысты. 9 – 11 сыныптар арасында Ушинский атындағы орта мектебі бас жүлде алса, 5 – 6 сыныптар арасында М.Мәметова атындағы орта мектебі бас жүлдені иеленді. Белсенді қатысқан «Үздік ойыншы», «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылдаушы» номинациялары бойынша оқушылар бағалы

сыйлықтармен марапатталды. Салтанатты шара соңында жеңімпаздарға ауыл әкімі С.Смағұлов пен мектеп директоры Қ.Қасымбаева ыстық ықыластарымен құттықтап, алғыс білдірді. Бейбіт заманда ұрпақтарымыз денсаулығы мықты, шыныққан шымыр болуына ықпал ететін осындай игі істер жалғасын таба берсін...

**Арнұр РАХЫМБАЕВ,**  
М.Мәметова атындағы орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

## Өсен туған күн, мерекеңмен!

Аманбөктер ауылының тұрғыны **Қожахметов Жандарбек Сексенбайұлын** мамыражай мамыр айының 24-інші жұлдызы күнгі туған күнімен әрі 50 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Мерей жасың мерейінді өсіріп, ортамызда аман-есен жүре бер деген жанұялық жылы тілегімізді арнаймыз.

Туған күн ерекше әрбір жанға, Жан жарымды асықтым құттықтауға. Құтты болсын бүгінгі 50 жасың, Бар жақсылықты тілейміз бір өзіңе. Аман болсын отбасың жақындарың, Жымиған жылы жүзің жанға демеу. Ұзақ болсын жан жарым ғұмыр жасың, Аяулы жар, үлгілі әке - асқар тауым.



Ізгі тілекпен: жары, балалары.

## Хабарландыру/ Объявление

► **Байғанышев Аблахат Молғаждаровичтің** ш/қ атына тіркелген Сарқан ауданы, Екіаша ауылдық округіндегі 28 га (кадастрлық нөмірі 03-263-053-268) және 166,5 га (кадастрлық нөмірі 03-263-053-269) тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Киселев Денис Михайловичтің** атына ҚР ІІМ-нен 15.02.2020 жылы 046110621 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Куликова Александра Петровна**ның атына тіркелген Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Қойбағаров көшесі №7 үйдің 0,1050 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-267-008-289, №1154403) тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

## Бала тілін ойын арқылы дамыту

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес».

(В. А. Сухомлинский).



Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден

ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін – өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамыта-

ды. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

- Ойынның түрлері:
- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлпы айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын

жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек. Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті.

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды, тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

**А.ТУРЫСБЕК,**  
"Балдырған" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі.

<p><b>SARQAN</b></p> <p><b>Құрылтайшысы:</b> "Сарқан газеті" ЖШС директоры <b>ИГИМАН Жомарт Мақатұлы</b></p> <p><b>Бас редактор:</b> <b>ЖЕҢІСХАН Партия</b></p>	<p><b>Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</b></p>			
	<p>Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: <b>041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117</b> Телефон: <b>2-20-47, 2-23-53</b> e-mail: <b>igiman01@mail.ru</b></p>	<p>Таралымы: <b>3012</b> Осы шығарылымның таралымы: <b>3012</b> Газет индексі: <b>35202,15202</b> Офсеттік басылым 1 баспа табақ Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p>
<p><b>Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.</b></p>				